

БИОСТАТИСТИКА МЕН ЦИФРОВИЗАЦИЯ БАСҚАРМАСЫ

Казаков Станислав Владимирович, Қарағанды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық институтының санитарлық-гигиеналық факультетінің түлегі (1984 ж.), м.ғ.к., диссертация тақырыбы: "Жамбыл облысы Мойынқұм Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының табиғи ошағының сипаттамасы және алдын алу іс-шараларын ұйымдастырудың негізгі қағидаттары" (2002 ж.), 157 жарияланымы мен 3 монографиясы жарық көрген, эпидемиолог, "Қоғамдық денсаулық сақтау" бойынша жоғары біліктілік санатына ие, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы жұмыс өтілі – 37 жыл.

Контакт: DInform-1@nscedi.kz

БИОСТАТИСТИКА МЕН ГАЗ БӨЛІМІ (2021 Ж. ҚҰРЫЛДЫ)

Сайрамбекова Галия Муратовна, С. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің «Медициналық-профилактикалық іс» факультетінің түлегі (2011ж.), «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі, эпидемиолог, «Қоғамдық денсаулық сақтау» бойынша бірінші біліктілік санатына ие, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы жұмыс өтілі - 10 жыл.

Контакт: DIT-1@nscedi.kz

1. Бөлімнің міндеттері:

❖ АҚИ ошақтарының мониторингі және зертханалық және далалық зерттеулер нәтижелерін талдау кезінде ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, үйлестіру және жүзеге асыру;

❖ Геоақпараттық технологияларды, биостатистика әдістерін орталықтың жұмыс тәжірибесіне енгізу бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және консультативтік көмек көрсету.

❖ Геоақпараттық технологиялар мен биостатистика әдістерін пайдалана отырып, эпизоотология проблемалары бойынша оқу және ғылыми - зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру.

❖ Орталық қызметкерлері мен ОҚС филиалдары, ҚР мемсанэпидқызмет басқармалары үшін ГАЗ – технологиялары мен биостатистика әдістеріне қатысты мәселелерді зерттеу нәтижелері бойынша электрондық деректер базасын құру кезінде консультациялық - әдістемелік көмек және практикалық көмек көрсету;

❖ Орталық қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерін қамтамасыз ету үшін, электрондық деректер базасын және электрондық карталарды құруға қатысу;

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ДАМУ БӨЛІМІ (2020 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН)

Сқабылов Әлішер Әлиұлы, 2011-2015 жылдары радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы бойынша ғылым бакалавры дәрежесін және 2015-2017 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша техникалық ғылымдар магистрі дәрежесін алды. Қазіргі уақытта ол докторлық дәреже алу бойынша жұмыс істеуде. Ә.Ә. Сқабыловтың негізгі ғылыми қызығушылықтары: ақпаратты қорғау әдістерімен, сондай-ақ бағдарламаланатын логикалық интегралдық схемалар негізінде ақпаратты қорғаудың цифрлық құрылғылары мен жүйелерін іске асырумен байланысты. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: ПЛИС негізінде деректерді шифрлаудың аппараттық және бағдарламалық жасақтамасы. 8 жарияланымы жарық көрген.

Контакт: DIT-3@nscedi.kz

1. Бөлімнің негізгі міндеттері

- ❖ Ұлттық биологиялық қауіпсіздік және қорғау жүйесін ақпараттандыруды жаңғыртуға және дамытуға қатысу;
- ❖ Бірыңғай салалық ақпараттық алаңға қатысу, ҚР ДСМ объектілерімен және басқа да ынтымақтасатын ұйымдармен ақпараттың үздіксіз ағынын және электрондық байланысты қамтамасыз ету;
- ❖ Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласында салалық қолданбалы бағдарламалық өнімдерді, мониторингтерді және электрондық мұрағаттарды (дерекқорларды) әзірлеуге, енгізуге, іске асыруға қатысу;
- ❖ Орталық базасында өткізілетін семинарларға, тренингтерге, вебинарларға техникалық колдау көрсетуді қамтамасыз ету;
- ❖ Орталықтың Веб-сайтын техникалық сүйемелдеуді және жаңартуды (техникалық жүктеуді) қамтамасыз ету;

Басқарманың негізгі жетістіктері (2020-2021 ж.)

- ❖ Орталықтың 45 жұмыс орнында "Документолог" электрондық құжат айналымы бағдарламасы бапталып, іске қосылды.
- ❖ «Обаның табиғи ошақтарындағы жағдай» мониторингінің ай сайынғы электрондық бағдарламасы іске қосылды.
- ❖ Эпидемиология және денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша НҚА базасы құрылып, жаңартылып, өңірлерге жіберіліп отырады.
- ❖ 270 қызметтік корпоративтік пошта жәшігі құрылды және тіркелді.
- ❖ АҚИҰҒО-ның жаңа ресми сайты пайдалануға берілді <https://nscedi.kz/>
- ❖ IP –телефонияның 1 кезеңін баптау және іске қосу жүргізілуде.
- ❖ Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша 4 онлайн корпоративтік семинар ұйымдастырылды және өткізілді.
- ❖ АҚИҰҒО ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) бойынша мемлекеттік және орыс тілдеріндегі міндетті құжаттар жинағы электрондық кітап форматында әзірленді.
- ❖ ОРЗ зертханалық кешені халықаралық стандарт бойынша сертифицикатталды. ISO/ IEC 27001:2013 халықаралық сертификаты алынды және расталды.
- ❖ ҚР СТ 27001:2015 бойынша АҚИҰҒО ақпараттық жүйесін аттестаттауға арналған құжаттар мен технологиялық платформаны дайындау жүргізілуде.